

¹Көпбаева М.Р., ²Қалшабек А.Б.,* ²Елтаева Ж.Қ.

¹филолог.ғ.д. профессоры. М.Х.Дулати атындағы ТарМУ, Тараз, Қазақстан

²филолог.ғ.к., доцент, М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент, Қазақстан

²магистр, аға оқытушысы, М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент, Қазақстан

КЕҢЕСТІК ДӘУІРДЕГІ ЭМИГРАЦИЯЛЫҚ ӘДЕБИЕТ

Автор корреспондент: kalshabek_akjol@inbox.ru

Түйін: Мақалада кеңес кезеңіндегі қазақ эмиграциялық әдебиеті туралы айтылады. Қазақ эмиграциялық әдебиетінің ошағы ХХ ғасырдың 20-30-40 жылдары Қытай, Түркия, Еуропа елдері болды. Оның белгілі тұлғалары ретінде М.Шоқай, М.Айтбаев, М.Қайбалдин, Х.Абдуллин және Түркияда Халифа Алтай, Х.Оралтайларды айтуға болады. М.Шоқай Париж қаласында «Яш Түркістан» («Жас түркістан») деген журнал шығарған. М.Айтбаев нағыз эмигрант жазушы. Ол немістерге тұтқынға түскеннен кейін Берлин қаласында «Түркістан ұлттық бірлік комитетіне» мүше болып, «Милли әдебиет» альманағының бас редакторы болған. 1943 жылы Берлинде «Абылай хан (дастан) және басқа өлеңдер» атты кітап шығарған. Халифа Алтай басқа бір эмиграциялық толқынның өкілі болып табылады. Ол өзі Түркияда тұрған. Оның бір үлкен еңбегі тұңғыш рет қазақ тілінде аударма жасап, Құран шығарды.

Кілттік сөздері: Эмиграциялық әдебиет, Жас Түркістан, Қытай, Түркия, Еуропа, Шоқай, Айтбаев, Кайбалдин, Абдуллин, Алтай, Оралтай.

Кеңестік дәуірдің өзінде эмиграциялық әдебиет болды. Эмиграциялық әдебиеттің тууына себепші болған әр түрлі кезеңдегі қуғын-сүргін, зобалаңнан сыртқа, шет елге қашып, ауып кеткен адамдар өмірі. Өз еліндегі қыспақтан әлемге тарыдай шашыраған қазақтардың тобы негізінен **Қытай, Түркия, Еуропа** жерлерінде пайда болды. Қазақтар, әсіресе социализм бүлігінен көп теперіш көрді. **Сондай бір атақты шет жердегі қазақ жазушысы Хасан Оралтай өзінің автобиографиялық «Елімай-лап өткен өмір» кітабын жазды** (1). Кітапта сонау 1944-1945 жылдары Шыңжаң жерінде құрылған Шығыс Түркістан Ислам жұмхиріетінен бастап, 1991 жылы Қазақстан елінің тәуелсіздік алуына дейінгі аралықтағы, қызу саяси өмірлер суреттелген. Автор кітапта Қытай қазақтарының дінсіз коммунистерге қарсы соғысын шынайы айтады. Х.Оралтай көп жылдар Американың СССР-ға қарсы құрылған «Азаттық» радиосында жұмыс істеген. Х.Оралтай саяси күреске бейім, ұлтшылдық сарынды ұстанған жазушы. **Эмиграциялық әдебиеттің көрнекті өкілі ол – Мұстафа Шоқай.** М.Шоқай 1929 жылы Парижде «Яш Түркістан» деген журнал шығарып тұрған. М.Шоқай өмірінің ақырына дейін большевизммен күресіп өткен жан. Большевиктерді ол жақсы таныған. Бір сөзінде «Ия, большевиктердің есінен ешқашан шықпайтын және бірінен екіншісіне ауысып отыратын бір өнерлері бар. Ол ұятсыздық, ождансыздық, өтірік, өсек», – дейді (2). М.Шоқай өз саяси ұстанымында түрікшілдік идеясын туғып ұстанған тұлға. Дархан Қыдырәлі деген тарихшы 1932 жылы «Яш Түркістан» журналында жарияланған «Домбырама құлақ сал» өлеңін Мұстафа Шоқайдың шығармасы ма екен дейді? (3). Ол өлең мынау:

Домбырамның құлағын бұрай алмаймын,
Бұрай алмасам, ширғып, тұра алмаймын.
«Бай мен кедей тең» деген тентек орыс,
Тең болғанды дүниеде көре алмаймын.

Құрғақ отты қайнатсаң ас болмайды,
Қара балшық, құрғатсаң тас болмайды.
Жұрттың биі өзінен болмақ керек,
Қызыл орыс қырғызға бас болмайды.

Түкті жерді жайлаған байлар қайда?

Кісінеген, тебісіп тайлар қайда?
Жылқыдағы торының жалын тұтып,
Құла дүзде ойнаған айлар қайда?

Қазақ түйе көрмейді ауылдарда,
Қырғыз бие көрмейді қияларда.
Түрік баласы қалмады,қанқор орыс,
Өрмекшідей ау құрды ұяларда!

**«Комунистік» дегенің тұзақ екен,
Айтқан сөзің өзіңнен ұзақ екен.
«Тауариш» деп алдадың туғаныңды,
«Азаттық» деп айтқаның – тұзақ екен.**

Жоғарыдан келемін, жолаушымын,
Бабалардың жолын мен құраушымын.
Қызылдардың қырғынын күні келіп,
Құнын қайтып өзіңнен сұраушымын.

Алыс екен келген жол, жете алмаймын,
Ел есіме түскенде жата алмаймын.
«Кеткен енді келмес» деп айтпа, ақымақ,
Жаным құрбан, жұртымды сата алмаймын.

«Қызыл көшіп келеді Алмалыға,
Кім көнбейді тағдырдың салғанына».
Түркістанның түріктігін білмек керек,
Мен сенбеймін орыстың қалмағына,

Қара торы атыммен есе алмаймын,
Ақ қымызды сіміріп іше алмаймын.
«Жұрттан кетті» деменіз қызыл қорқау,
Өлгенімше елімнен кете алмаймын.

Домбыраның айтқанын тыңдадың ба?
Құлақ салып, жақсылап түсіндің бе?
Болмағанға болар деп таң қалмаңыз,
Түркістанның түрік болғанын білмедің бе?

Эмигрант жазушылардың тағы бір тобын Ұлы Отан соғысында немістердің қолына түскен тұтқындар құрайды десе болады. Олардың біреуі – **Мәжит Айтбаев**. М. Айтбаев нағыз эмигрант жазушы. Ол немістерге тұтқынға түскеннен кейін Берлин қаласында «Түркістан ұлттық бірлік комитетіне» мүше болып, «**Милли әдебиет**» альманағының бас редакторы болған. 1943 жылы Берлинде «Абылай хан (дастан) және басқа өлеңдер» атты кітап шығарған. Кітаптың ксерокөшірмесін 1991 жылы Анкарада тұратын Ұядан Ақай деген қазақтан Сауытбек Абдрахманов алып келген (4,5). Мәжит өлеңдерін «Қобызшы Қорқыт» деген лақапшен жазған. Оның өлеңдерінен үзінді келтірейік:

Жазылмай зардың ізі келбеттен де,
Жанымды жас баладай тербеткенде.
Болды елес Алтай белі, Арқа жері,
Шет жұртта шерлі жүрек ер жеткенде.

Атасы асқарлардың аялы Алтай,
Саялы Сарыарқаға саялы Алтай.
Қырмызы қызыл гүлді жер жұмағы,
Қарт Алтай, қадірлі Алтай, баяғы Алтай.

Ақ қарлы, ала асқарлы Алтай қандай?!
Көзіме алтын арай Алтай таңдай.
Алтайды аңсай-аңсай алыс жерде,
Жас жаным қайғыменен қартайғандай.

Ел қайда Алтайдағы өз елімдей?
Ер қайда Алтайдағы өз ерімдей.
Алтайда астам өскен кезді ойласам,
Көз жасым ағад Алтай өзеніндей.

Ыстық тән бұл кездегі судай суып,
Секундым өтіп барад секунд қуып.
Амал жоқ әлдилеймін өзімді-өзім,
Жанымды көзден аққан жаспен жуып.

Шығыстан таң саз беріп атқан шақта,
Ой бөлмей өресі тар өзге затқа.
Қысқан соң жас жанымды қайғы-қасірет,
Талған көзбен қараймын Алтай жаққа.

Жас жүрегім сол кез толқып селдей,
Туған жерді еске алад, жанды тербей,
Шет жерлерде шынымен жермен шіріп,
Өтер ме өмірім, өткен күн қайтып келмей!

М.Айтбаев – «Қобызшы Қорқыт» 1945 жылы Америкалық әуе шабуылы кезінде Берлин қаласында қаза тапқан.

Екінші бір Ұлы Отан соғысының тұтқыны, эмигрант ақын ол – **Мәулікеш Қайбалдин**. Мәулікеш соғыстың алдында Мәскеу университетінің тіл әдебиет факультетін үздік бітірген. Соғыс жылдары қолға түскен соң Майндағы Франкфурт университетінің неміс философиясы мен ағылшын факультетінде оқыған. М.Қайбалдин Германияда 60-жылдары қайтыс болған. Мәжиттің Германиядағы әдеби лақаб аты **«Асан Қайғы»** болған. «Асан Қайғының» бір неміс ақынынан жасаған тәржімә өлеңін келтірейік!

Мен сұрасам жолаушыдан:

«Барасың қайда жол шегіп?»
«Үйге барам, үйге барам!»
Дейді ол ауыр күрсініп.

Мен сұрасам жолаушыдан:
«Барасың қайда тартып жол?»
«Үйге барам, үйге барам!»
Жайдарланып дейді ол.

Мен сұрасам жолаушыдан:
«Бақытың қайда гүлдейді?»

«Үйімде менің, үйімде!» –
Жайдарланып ол дейді.

Жолаушы менен сұраса:
«Жүрегінде қандай шок?»
Қайта алмаймын үйіме,
«Енді менде Отан жоқ!» (6).

Ұлы Отан соғысындағы тұтқын ақындардың бірі – Мағжанның туыс інісі **Хамза Абдуллин** болған. Ол кейін елге оралып Сталин лагерлерінің дәмін татқан. Хамза эмиграцияда «**Сайран**» деген лақап атпен шығарма жазған. Ол Германияда «Түн перісі» атты (коммунизм туралы тарихи баллада) жазған. Онда ол:

Өтті содан талай қапас замандар,
Елді басты, тілсіз, дінсіз надандар.
Ойын салды, гүлді өлкемді таптады.
Ұят, намыс, ақыл, ардан, амандар, –

деген. Кеңестің кезеңдегі эмиграциялық қазақ әдебиеті әлі жете зерттелуі керек. **Олардың шығармаларының негізгі мотиві: елге деген сағыныш, тіл, дін, ұлттық һәм біртұтас түрік елі идеясын аңсау болып келеді.** Олардың араларында **Халифа Алтай** сынды дінді өз өмірінің мәні деп түсінген тұлғалар да бар. Халифа Алтай **Қытай, Кашмир, Түркия** эмиграциясында болған қазақ. Оның ұлтқа еткен үлкен бір жақсылығы болды. Ол оның Құран-Кәрімді қазақшаға тәржімалап беруі. Бұл Құран-Кәрім 1991 жылы Медине қаласындағы Құран комбинатынан сапалы түрмен басылып шықты. Дәл осы кезде қазақ халқы дінге сусап, шөлдеп отырған кез болатын. Осы кезде Халифа Алтайдың Құраны таңлайы кеуіп, дінді аңсап, жүректері сыздаған жандарға бір жұтым су һәм дәрі-дәрмек есебінде болды.

Кеңестік дәуірдегі эмиграциялық әдебиет бұл – көп зерттеуді қажет ететін тың тақырып.

Әдебиеттер тізімі:

1. Оралтай Х. Елімай-лап өткен өмір, Стамбул, 1999.
2. Шоқай М. Таңдамалы шығармалар, Алматы, 2007, 154б.
3. Қыдырәлі Д. Эмиграциядағы Түркістан әдебиеті // «Қазақ әдебиеті» газеті, 29.10.2004.
4. Жиырмамыншы ғасыр жырлайды. Қазақ поэзиясының онтологиясы (Сауытбек Абдрахманов) // «Егемен Қазақстан» газеті, 24 қараша, 2004 жыл;
5. Қыдырханұлы У. Шерменде ақын, шексіз мұң. «Егемен Қазақстан» газеті, 26 қаңтар, 2005
6. Мұстафа мен Мағжан – Тұран елінің даналары, Алматы 1993 ж. құр. Хамза Абдуллин мен Қайыржан Қасенов. 72б.

Аннотация: В статье рассматривается казахская эмиграционная литература в советский период. Очагом казахской эмиграционной литературы 20-30-40 годы XX века была Китай, Турция, Европа. Яркими его представителями в Германии были: М.Чокай, М.Айтбаев, М.Кайбалдин Х.Абдуллин в Турции Халифа Алтай, Х.Оралтай и.т.п. М.Чокай в Париже издал журнал «Яш Туркестан» (Молодой Туркестан). Один из групп эмигрантов состоит из военно пленных солдат во время войны. Среди них – Мажит Айтбаев. Он был членом «Туркестанского национального комитета единства». Был главным редактором журнала «Милли әдебиет» («Национальная литература»). 1943 году в городе Берлине он издал книгу про Абылайхан. Халифа Алтай был эмигрантом другой волны. Он жил в Турции. 1991 году он впервые издал Коран на казахском языке.

Ключевые слова: Эмиграционная литература, молодой Туркестан, Китай, Турция,

Европа, Чокай, Айтбаев, Кайбалдин, Абдуллин, Алтай, Оралтай

Abstract:The article discusses Kazakh emigration literature in the Soviet period. The center of Kazakh emigration literature during 20-30-40 years of the twentieth century was China, Turkey, Europe. Its brightest representatives in Germany were: M. Chokay, M. Aitbaev, M. Kaybaldin H. Abdullin in Turkey Khalifa Alta i, H. Oraltay, etc. n. M. Chokay in Paris published the journal "Yash Turkestan" (Young Turkestan).One group of emigrants consists of prisoners during the war. Mazhit Aitbayev is the one who was among them. He was a member of the "Turkestan national unity Committee" and the editor-in-chief of "Milli adebiet" (National literature). In 1943 he published a book about Abylaikhan in Berlin.

Khalifa Altay was an emigrant of another wave. He lived in Turkey. In 1991, he published Kazakh version of the Koran for the first time.

Keywords:Emigration literature, Young Turkestan, Kitai Turcia Auropa Cokai Aitbaev Kaibaldin Abdullin Altai Oraltai